



## СЕГІЗ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫН КАСПИЙ БІРІКТІРДІ



**12 ТАМЫЗ – КАСПИЙ КҮНІНЕ ОРАЙ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «CASPIAN SEA ACTION WEEK – 2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК АПТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. БІР АПТАҒА СОЗЫЛҒАН ІС-ШАРАҒА ҚАЗАҚСТАНМЕН БІРГЕ ӨЗІРБАЙЖАН, РЕСЕЙ, ИРАН, ТҮРКМЕНСТАН, ӨЗБЕКСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН ЖӘНЕ ТӘЖІКСТАННАН КЕЛГЕН ӨКІЛДЕР ҚАТЫСТЫ. СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ МАМАНДАРЫ, САРАПШЫЛАР, ВОЛОНТЕРЛЕР МЕН ЖАСТАР БОЛДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АПТАЛЫҚ 6–12 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ОЛ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ӨТТІ. НЕГІЗГІ МАҚСАТ – КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ҚОРҒАУ, ОНЫҢ ТАБИҒАТЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА КӨБІРЕК ТАРТУ.**

Бір апта ішінде қатысушылар экологияға қатысты мәселелерді талқылап қана қоймай, түрлі іс-шараларға бірге қатысты. Олар Каспийдің тазалығын сақтау, табиғи байлығын қорғау және теңіз маңындағы елдердің өзара ынтымақтастығын арттыру мәселелеріне назар аударды. Жабылу салтанатында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қиыбай апталыққа қатысқан қонақтар мен волонтерлерге алғысын білдірді.

– Осы бірнеше күн ішінде Маңғыстау халықаралық ынтымақтастықтың, волонтерлік қозғалыстың және экологиялық жауапкершіліктің маңызды орталығына айналды. Каспий – бізді біріктіретін ортақ құндылық. Бұл апта жаңа жобалар мен бірлескен жұмыстардың басталуына жол ашады деп сенемін. Каспийдің болашағы бүгінгі біздің шешімдерімізге байланысты. Оны келер ұрпақ үшін бірге сақтап қалағынымызға сенімдімін, – деді облыс әкімі.

Апталық аясында бірнеше маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Соның бірі – «Бір Каспий – бір болашақ» халықаралық сараптамалық кездесуі. Онда Каспийдің қазіргі жағдайы, климаттың өзгеруі, табиғи ресурстарды қорғау және теңіздегі тіршілік дүниесін сақтау мәселелері сөз болды. Ал «Caspian Clean Challenge» экологиялық марафоны кезінде волонтерлер Каспий жағалауының тазалығына бағытталған жұмыстарға қатысты. Жастар табиғатты қорғаудың маңызын іс жүзінде көрсетті. Апталықтың тағы бір маңызды шарасы – Каспий маңы елдерінің «Достық аллеясының» ашылуы болды. Аллеяға қатысушы елдердің өкілдері ағаш отырғызды. Сонымен қатар мұнда 2046 жылғы ұрпаққа арналған уақыт капсуласы салынды.

Уақыт капсуласына болашақ ұрпаққа арналған үндеу жазылды. Бұл – бүгінгі жастардың Каспийді сақтап қалу жауапкершілігін келешек ұрпаққа жеткізетін символдық белгі.

Апталықта жастардың да белсенділігі байқалды. Соның бірі – халықаралық «Caspian Hackathon» хакатоны. Оған 80 командадан өтінім түсіп, 200-ге жуық жас қатысты. Финалға 30 команда өтті. Жастар хакатон кезінде Каспий мен өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған өз жобаларын ұсынды. Яғни олар табиғатты қорғау ісіне тек сөзбен емес, заманауи технология арқылы да үлес қосуға тырысты.

Халықаралық қонақтар Маңғыстаудың табиғатымен де танысты. Олар Бозжыра шатқалына барып, өңірдің ерекше табиғи және мәдени орындарын көрді. Апталық мәдени бағдарламамен де жалғасты. Сегіз елдің өкілдері өздерінің музыкалық дәстүрлерін таныстырып, ортақ мәдени кеш өткізді. Бағдарлама барысында алғаш рет халықаралық волонтерлердің «VOLUNTEERS OF THE WORLD» энұраны орындалды.

Осылайша, бір апта бойы Ақтауда әр елден келген адамдар бір жерде бас қосып, Каспийдің ортақ мәселелерін талқылады. Түрлі елдің жастары танысып, тәжірибе алмасты, жаңа идеяларымен бөлісті. «Caspian Sea Action Week – 2026» аяқталғанымен, оның негізгі мақсаты аяқталған жоқ. Каспийді қорғау, табиғатты таза ұстау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары әрі қарай да жалғаса береді. Бұл апталық Маңғыстаудың тек Каспий жағасындағы өңір емес, халықаралық ынтымақтастық пен жастар бастамалары тоғысатын орын екенін де көрсетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – журналистің жаңа құралы

**Ақтауда БАҚ өкілдеріне заманауи технологияларды тиімді әрі қауіпсіз қолдану жолдары үйретілді.**

**АҚПАРАТ АҒЫНЫ МИНУТ САЙЫН ЖАҒАРЫП, ОҚЫРМАННЫҢ ТАЛҒАМЫ ӨЗГЕРІП ОТЫРҒАН БҮГІНГІ МЕДИАДА ЖУРНАЛИСТЕН ТЕК САУАТТЫ ЖАЗУ ҒАНА ЕМЕС, JAҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕҢГЕРУ ДЕ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ. ӘСІРЕСЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ АҚПАРАТ ДАЙЫНДАУ, МӘТІН ӨҢДЕУ, ФОТО ЖӘНЕ БЕЙНЕ ЖАСАУ ІСІНЕ ЕНУІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘСІЛІН ӨЗГЕРТІП КЕЛЕДІ. ОСЫ БАҒЫТТА АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАР, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ МЕДИАДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨҢІРДЕГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ӨКІЛДЕРІ МЕН БАСПАСӨЗ ХАТШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЕКІ КҮНДІК СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ. ОҚЫТУ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӨЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. СЕМИНАР БАРЫСЫНДА ЖУРНАЛИСТЕР МЕН БАСПАСӨЗ МАМАНДАРЫНА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОНЫ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСТА ҚАЛАЙ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАТЫНЫ НАҚТЫ МЫСАЛДАР АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛДІ. ҚАТЫСУШЫЛАР JAҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЕН ҚАТАР, ОНЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ ЕСКЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ДЕ ТАЛҚЫЛАДЫ.**

 **Зухра ӘБДІЛ-САТТАР**

### ЖИ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Бүгінде журналистің жұмысында уақыттың маңызы ерекше. Ақпаратты жедел жинау, сұрыптау, мәтін дайындау, тақырып ойластыру, әлеуметтік желіге бейімдеу, фото мен бейнематериал әзірлеу – мұның барлығы шығармашылықпен қатар көп уақытты қажет етеді. Жасанды интеллект осы жұмыстардың бір бөлігін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Семинар барысында қатысушылар мәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты құрылымдау, идея ұсыну, контент түрлерін дайындау сияқты бағыттарда AI құралдарын пайдалану тәсілдерімен танысты.

Семинарды маркетинг, TikTok сарапшысы Санжар Жүнісов жүргізді. Ол қатысушыларға жасанды интеллектің негізгі мүмкіндіктерін түсіндіріп, медиада қолдануға болатын түрлі платформалардың жұмыс істеу ерекшеліктерін көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте)

## АБАЙ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

**МАҢҒЫСТАУДА АБАЙ КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЛЫ АҚЫН, ОЙШЫЛ ӘРІ АҒАРТУШЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ ӨТТІ. ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ АСХАТ ОРАЛОВ, АРДАҒЕРЛЕР, ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІ, ЖАСТАР, ӨҢІР ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАР ҚАТЫСТЫ. БИЫЛҒЫ ІС-ШАРАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ – ОҒАН «CASPIAN SEA ACTION WEEK – 2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК АПТАЛЫҒЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН МАҢҒЫСТАУҒА АРНАЙЫ КЕЛГЕН ШЕТЕЛДІК ЖАСТАРДЫҢ ДА ҚАТЫСУЫ. СЕГІЗ ЕЛДЕН КЕЛГЕН ВОЛОНТЕРЛЕР ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ҚОЙЫП, ОНЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТТІ.**

Гүл қою рәсімінде Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Төлетов сөз сөйлеп, Абай мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызына тоқталды. Ардагер ақын шығармаларынан үзінді оқып, жастарды ұлы ойшылдың еңбектерін тереңірек оқып, тағылым алуға шақырды.

Іс-шараға жастардың белсенді қатысуы да ерекше мәнге ие болды. Жас буын өкілдері Абайдың өлеңдерін оқып, ақынның шығармашылығы туралы ойларын ортаға салды. Бұл – ұлы тұлға мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызды жолдарының бірі. Абай күніне орай өңірде бірқатар мәдени-танымдық іс-шаралар



ұйымдастырылуда. Кітапханалар мен мәдениет ошақтарында әдеби кештер мен танымдық кездесулер өткізіліп, кітап көрмелері жасалуда. Сондай-ақ шығармашылық байқаулар мен жастар арасында Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін насихаттауға арналған челленждер ұйымдастырылуда.

Гүл қою рәсіміне шетелдік волонтерлердің қатысуы іс-шараның мазмұнын одан әрі толықтыра түсті. Әлемнің әр түкпірінен келген жастардың Абай ескерткішіне тағзым етуі ұлы ақын мұрасындағы адамзатқа ортақ құндылықтардың маңызын көрсетті. Өйткені Абай айтқан білім, еңбек, адамгершілік, өзара құрмет пен жауапкершілік ұғымдары – ұлт пен ұлысқа бөлінбейтін ортақ құндылықтар. Абай күні – ақын шығармашылығын еске алатын ғана емес, оның айтқан ойларына қайта үңіліп, өзімізге ой түйетін маңызды күн. Ұлы ақынның «толық адам» туралы тағылымы, білім мен еңбекке үндеген өсиеті бүгінгі қоғам үшін де өзекті.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ